

6. **Эстетикалық тәрбие.** Қазақ әдебиеті әсемдік сезімін, көркемдік талғамды дамытып, эмоцияларды мәдени формалар арқылы білдіру және түсіну қабілетін қалыптастырады, бұл тұлғаның бірегейлігін нығайтады.

Яғни, әдебиет – **өткен мен бүгінді байланыстыратын көпір**, тұлғаны ұлттық мәдениетпен, рухани құндылықтармен және тарихи еске байланыстырады, сондықтан мәдени бірегейлікті қалыптастырудың негізгі құралы.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақ әдебиетінің тарихы [Мәтін]: он томдық; Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі; М. О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты; жалпы ред. басқ. Ш. Елеукенов; ред. алқа: С.С. Қирабаев [ж. б. .- Алматы.: ҚАЗАҚПАРАТ, 2006. —528 б.

2. Павлова О.Н. Идентичность: история формирования взглядов и ее структурные особенности. - М., 2001. – 280 с.

3. Эриксон Э. Детство и общество / Пер. с англ. - Обнинск, 1993. – 200 с.

4. Тишков В.А. Этническая идентичность. – Москва, 2005. – 320 с.

5. Кожаметова К.Ж. Мәдени бірегейлік және ұлттық құндылықтар. – Алматы, 2017. – 250 б.

6. Трубина Е.Г. Персональная идентичность как социально-философская проблема: Автореф. дис. ... докт. филос. наук. - Екатеринбург, 1996.

**ӘОЖ 101.1: 316**

### **ФИЛОСОФИЯ АДАМ ТАҢДАУЫ РЕТІНДЕ (Б.Е. КОЛУМБАЕВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫ ТУРАЛЫ ОЙ ТОЛҒАУЛАР)**

**Караконисова С.Г., Солощенко П.П.**

философия және мәдениет теориясы кафедрасының  
аға оқытушылары,  
*e-mail: p\_soloschenk@mail.ru, salta-nigman@mail.ru*

**Асылхан А.**

философия ББ білім алушысы,

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қарағанды қ., Қазақстан

Қазақстанда да, сондай-ақ бүкіл әлемде де жастардың басым көпшілігі қандай да бір білім беру жүйесіне қатыса отырып, өмірінде алғаш рет философиямен ерекше білім түрі, өзіндік рухани және танымдық іс-әрекет ретінде танысады. Міне, дәл осы жерде философияны оқытатын ұстаздардың қатарында өзгеше жаратылған, дүниеге өз көзқарасы бар, өмірде өзіндік ерекше жолмен жүруді қалайтын, сондықтан білім алушыларға философияның тек әрпін ғана емес, рухын да жеткізе алатын жандардың болуы өте маңызды. Белгілі болғандай, Аристотельдің өзі философиядан әлдеқайда пайдалы көптеген ғылымдар бар екенін, бірақ одан артық ғылым жоқ екенін айтқан. Яғни барлық ғылымдар белгілі бір қызметке қажетті білімнің қандай да бір жиынтығына ие. Сол жиынтықты меңгерген адам өз ісінің кәсіби маманына айнала алады. Алайда сонымен бірге алынған білім адамды белгілі бір деңгейде «шектейді», ал «көп білу ақылға үйретпейді». Оның үстіне қандай да бір «пайдалы» ғылымды таңдаған адам шынымен өз ісін таңдады ма? Болашақ мамандығын оның орнына ата-анасы, достары, таныстары, «қоғамдық пікір» таңдап қойған жоқ па?

Ал философиямен айналысу – тұтастай әрі толықтай ерікті және дербес іс. Философия ешқандай дайын білімге кепілдік бермейді, бірақ оларды іздеуге толық еркіндік береді. Философ бәріне бірдей пайдалы болатын нәрселердің бәрін біле бермеуі мүмкін, бірақ ол кез келген істе табысқа жете алады, өйткені ол өзін жақсы біледі, өз мүмкіндіктері мен қабілеттерін таниды. Сондықтан философия адамға өз-өзі болып қалудың, ақиқатты не екенін өзі іздеп, өзі анықтаудың тамаша мүмкіндігін береді: сәнге ермей, жалған құндылықтарға сүйенбей, әртүрлі беделдерге бағдарланбай, тек өз ойлауына ғана негізделе отырып.

Орыс философы В.С. Соловьевтің философия адамды толық мағынасындағы адам етеді деген пікірімен келіспеу мүмкін емес. Бұл, ең алдымен, философиялық дүниетанымның иесі тек нақты адам, тірі тұлға ғана бола алатындығымен түсіндіріледі: әрбір мәселе бойынша өзіне тән жеке пайымы бар, сол пайымын ашық айтуға, дәлелдеуге және қорғауға қорықпайтын тұлға. Білім алушыларды философияға баулудың үдерісі дәл осылай жүзеге асырылуы тиіс.

Дәстүрлі лекция мен семинар формалары танымдық қалыптар мен стереотиптерге орын қалдырмайтын тосын мазмұнмен байытылуы керек. Дайын білімді құрғақ, жансыз, ресми түрде баяндау – орнына әңгіме, диалог, пікірталас келуі тиіс; солардың барысында болмыстың «мәңгілік» сұрақтары бүгінгі күннің өзекті мәселелерімен үндеседі. Әрбір сабақ – дүниені қабылдау шекарасын кеңейту, тосын көру фокусын табу, болмыстың тереңдігін, күрделілігін, көпүнділігін өзің үшін де, өз бойыңнан да қайта ашу. Философ – таңданудан ешқашан қалмайтын адам, өйткені адамдық өмірдің бастауы – таңдану. Сондықтан философиямен айналысу арқылы біз өзімізді сыртқы формалар мен бағалардың зорлықшыл үстемдігінен азат етумен айналысамыз; адамның толық мағынасында адам болу мүмкіндігі тұншықтырылатын, дүниеге көзқарасында еркін және әлемдегі өз болмысы үшін жауапты болуына кедергі келтіретін өмір құрылымының ешқайсысымен келіспейміз.

Неміс философы М. Хайдеггер ұсынған философияны философиялаудың өзі ретінде түсіну тезисін пайымдай отырып, біз философияның оқу үдерісінің қандай да бір шеңберіне түбегейлі тұйықталмайтынын ұғынамыз. Өйткені шынайы философтар, Сократ дана секілді, кіммен болса да сынақ-сұхбатқа әрдайым дайын. Олар әр адамға: «даңқ пен құрметке қам жеп, ал ақылға, ақиқатқа және жаныңның мүмкіндігінше жақсы болуына неге қам жемейсің?» – деп еске салуға дайын. Олар кез келген адамды «ақшаның көбірек болуына емес, жанның мүмкіндігінше жақсы болуына қамқор болуға» иландыруға дайын. Өйткені «ізгілік ақшадан тумайды, керісінше, адамдарда ақша да, өзге игіліктер де – жеке өмірде де, қоғамдық өмірде де – ізгіліктен туады». Дәл осылай әлемде және өз жан дүниесінде не болып жатқанын түсінуге, мәнін ұғынуға деген шынайы ұмтылыс біріктірген оқытушы мен студенттердің табиғи жан-дүниелік әрі рухани қарым-қатынасы қалыптасады. Мұнда оқytудың негізгі тәсілі ретінде өз қызметінің себебін өзінен басқа еш жерден алмайтын, бірақ әрқашан заттар мен құбылыстарға байыпты да сыни көзқараста көрінетін дербес ойлау таңдалады.

Философия тарихының бүкіл дамуы қандай да бір мәселені қою мен шешудің философтың өмір сүрген нақты тарихи, әлеуметтік, мәдени жағдайларынан ажырамайтынын нанымды түрде көрсетеді. Оның үстіне, шынайы өмірлік үдеріс ретінде дамиды философияның өзі тірі философиялық шығармашылықты туындататын ең өзекті сұрақтарға толы. Адамның әлемге қатынасының толықтығы дәл философияда, теориялық тұрғыдан іргелі дүниетаным ретінде, жүзеге асады. Философияда зерттеуші енді «өзіндік» пәннің өзіне ғана емес, адам үшін және адамға қатысты пәнге, онымен байланыстағы нәрсеге, адамның рухани ізденістері мен практикалық ниеттерімен сабақтас қырына мүдделі болады. Осы жерде ой қозғалысының кез келген нәтижесі өмірлік сұрақ қоюмен, өмірді тікелей бастан кешірумен, адам болмысының жалпы контекстімен, нақты адамның мүдделерімен байланыстырылған жағдайда ғана философиялық мәнге ие болады.

Философиялық қатынас – адамның әлемге қатынасының ерекше формасы. Ал философия бір жағынан адамды оның қажеттіліктері мен мүдделерімен, екінші жағынан «өзінше» ғана емес, адам болмысының әлемі ретінде түсінілген әлеммен байланыстырғанда ғана, философия өзінің мәнін де, өмір сүруге деген құқығын да сақтайды. Осылайша, философиялық зерттеу де, адамның ойлауының өзі сияқты, әлемнен тәуелсіз және адам өмірінің неғұрлым кең әрі жалпы үдерісіне қатысты дербес нәрсе емес, қайта өмірді ұғымдар арқылы сыни-шығармашылық тұрғыдан игеру болып табылады.

Шын мәніндегі әрбір философиялық мәселе, мәні жағынан алғанда, егер философияны рухани қызметтің белгілі бір арнайы саласы деп түсінсек, әрқашан философиядан да кең мәселе болып табылады; ол – адам тіршілігінің, адам өмірінің мәселесі. Біздің ойымызша, мәселенің өмірлік негіздерін, оның бастапқы қайнарларын іздеу – философиялық танымның аса маңызды әдіснамалық қағидаты. Дәл осы ізденіс қана философияның шындықпен, адам болмысының нақтылығымен жай ғана жанды әрі тікелей байланысқа түсетін орнын ғана емес, оның философия ретінде, яғни адамға ғана тән ерекше рухани қызмет ретінде дүниеге келетін нүктесін анықтауға мүмкіндік береді. Осы нүктеде философиялық талдау құралдарымен теориялық тұрғыдан тұжырымдалған мәселе адам болмысының мәні мен мағынасы мәселесімен тікелей байланысқа түседі. Егер мұндай байланыс орнамаса, бұл не әрбір мәселенің философиялық тереңдікке ие бола бермейтінін, не әрбір теориялық ойлаудың философиялық дүниетаным деңгейіне көтеріле алмайтынын білдіреді.

Тек адам болмысының философиясы философияның адамдық болмысымен тоғысқан жағдайда ғана, біз мәселені философиялық тұрғыдан қоюдың мәні әлемді гуманистік тұрғыдан ұғынудың тәсілі мен

талпынысы ретінде, оны адаммен байланыста түсінудің тәсілі мен талпынысы ретінде, адам болмысының шындығын рухтандырудың тәсілі мен талпынысы ретінде ғана бар деп айта аламыз.

Дәл осы ұстанымдар тұрғысынан, біздің ойымызша, белгілі қазақстандық философ, ғалым, педагог Б.Е. Колумбаев өз қызметін жүзеге асырды. Оның шығармашылығы ғылыми білімнің белгілі бір саласының нақты тақырыбына арналған классикалық академиялық зерттеудің үлгісі болуға ең аз дәрежеде ұмтылады. Керісінше, оны ой мен өмірдің рухани және еркін-шығармашылық тәжірибесінің көрінісі ретінде қарастырған орынды. Бірақ дәл осы сапасында Б.Е. Колумбаевтың қызметі айқын даралық сипатқа ие, шынайы философиялық еңбек ретінде көрінеді.

Студенттік кезеңде философиямен танысқан адамдардың басым көпшілігінің жадында, өкінішке қарай, философия табиғаттың, қоғамның және ойлаудың ең жалпы заңдары туралы, әртүрлі ойшылдардың концепциялары мен ілімдерінде берілген, түсінуге күрделі ғылым ретінде сақталып қалады. Сонымен қатар тарихи-философиялық сипаттағы фактологиялық материалды міндетті түрде жаттап алу және қайта жаңғырту қажеттілігі философия туралы өмірден алшақ, абстрактілі теория деген түсінік қалыптастырады. Б.Е. Колумбаевтың шығармашылық мұрасы осы стереотиптерді бұзады: ол философияның тұтастай алғанда тек өз негізінде экзистенциалды түрде ғана өмір сүре алатынын көрсетеді.

Философиялаудың негізі ретіндегі экзистенциалдық тәжірибе – Б.Е. Колумбаев түсінігінде – болмыс, әлем, адам және оның шығармашылық мақсаты туралы объективті әлемді түсіндірудің негізіне алынуы тиіс бастапқы, іргелі интуициялар; керісінше емес. Шығармашылық феноменін түсіндіріп жіберу мүмкін емес, оны тек ыдырамайтын тұтастығында, дәл адамның ғаламдық мақсаты ретінде қабылдау қажет.

Экзистенциалдық тәжірибе ешбір жағдайда субъективтік күйзелістердің бір түрі емес; ол шын мәнінде «шығармашылық құпиясына» бойлау, объективтендіру емес (яғни шығармашылық өнімдерін жасау емес), керісінше трансценденттену, «өзге», рухани өлшемге шығу. Міне, сондықтан Б.Е. Колумбаев үшін объективтену саласын екінші реттік сала ретінде бастапқы тірі рухани тәжірибеден ажырату мәселесі аса маңызды болды.

Сонымен қатар Б.Е. Колумбаевтың шығармашылығы – бұл бір мезгілде біздің заманымыздың өзекті оқиғалары туралы толғаныс, қазіргі дәуірдің қайшылықты әрі көпмәнді сипатының көрінісі. Мұнда да адамды асқақтататын рухтану қайшылықтардың тереңдеуімен қатар жүзеге асады деп есептеген ойшылдың дара позициясының ерекшелігі айқын көрінеді. Ал бұл – қоғамдық өмірдегі нақты-идеалдықтың өзі, тұтастай алғанда әлеуметтік шығармашылықта өз арнасын табатын құбылыс. Сондықтан шығармашылықта қоғамдық прогрестің бағыттары жай ғана сипатталып қоймайды, сонымен бірге адамның дамуының трансубъектілік векторлары ретінде айқындалады. Шығармашылықтың қызығы да сонда: онда дара шектеулілік аяқталып, субстанциялық бәрінің бірлігі күйі басталады.

Әрине, Б.Е. Колумбаевтың шығармашылық мұрасын игеру оңай іс емес, өйткені ойшыл өз ойларын білдіруде тек біртума тілді ғана қолданған жоқ, сонымен қатар мәтінді құрудың өзіндік постмодерндік мәнері арқылы тыңдаушысы мен оқырманын үнемі зейіндік ширығуда ұстап отырды; мұнда мәтіннің мазмұны қаншалықты маңызды болса, оны интерпретациялау да соншалықты маңызды. Дәл осы қайталанбас авторлық стиль адамның өзінің көпөлшемді болмысында, өмірлік қажеттіліктері мен мүмкіндіктерінде, сондай-ақ өзінің дара және әлеуметтік болмысының идеалдық бейнесінде осы әлемнің шынайы шығармашылық күші екенін көрсетуге мүмкіндік берді. «Жалпыадамзаттық философия қажет. Ал ол адамның теориялық өзін-өзі азат етуі ретінде ғана мүмкін. Сонымен бірге бұл – адамилық өзінің бүкіл толықтығында табылатын аса нәзік қатынас. Ол әлемге де, басқаға да аударылып берілмейді, керісінше, адам әлемі ретіндегі әлемнің бүкіл кеңдігінде, бүкіл ашықтығында ұсталып тұрылады. Демек, өзіңді әлемнің көлеңкесі ретінде өшіріп, әлемнің өзін жарық ретінде қоса білу қажет» [1, 270-б.] – міне, Б.Е. Колумбаевтың өмірлік, шығармашылық, педагогикалық кредосы осындай.

Идеялардың толық жүзеге асуы үшін оларды авторлар да, орындаушылар да түсінуі қажет. Ал шынайы түсіну – әрқашан шындықты (реалдылықты) жеке-дара иеленудің, ішкі қабылдаудың дара актісі. Сондықтан қандай да бір рухани немесе философиялық ілімді әлеуметтік шындыққа толықтай енгізуге ұмтылудың өзі априори жүзеге аспайтын нәрсе. Бұл – зиялы қауым ешқашан түбегейлі шеше алмай келе жатқан мәңгілік мәселе: бір жағынан, құндылықтық мазмұн тұлғалық деңгейде саналы түрде игерілуі тиіс; екінші жағынан, ол жалпыға ортақ реттеуші қызметке айналуы қажет. Бірақ өз түсінігінді өзгеге дайын күйінде бере алмайсың. Тек басқа адамға оның өзіндік түсінуіне көмектесуге болады. Бұл – ұзақ әрі мұқият еңбекті қажет ететін үдеріс. Ал қолдағы нақты шындық дәл қазір, осы сәтте жүзеге асатын нақты шараларды талап етеді. Сондықтан мәдениет саналы тұлғалардың өз дара

түсінігін интерсубъективті кеңістікке объективтендіретін еркін одағы ретінде емес, адам тіршілігінің бейсаналы шеңбері ретінде қызмет ете бастайды да, уақыт өте келе репрессивтік аппаратқа айналады. Шынайы ішкі, объективтендірілмейтін болмыс пен міндетті түрде жүзеге асуға тиіс нақтылы шындық арасындағы алшақтықтың принципті түрде еңсерілмейтін жағдайында кез келген идеялар мен құндылықтар жүйесі сөзсіз идеологияға айналады.

Бүгінгі өмірдің әлеуметтік-мәдени шындықтарын байқай отырып, қазіргі адамның өз ойлауына деген сенімін тартып алуға ұмтылатын күштердің билігінде дерлік толық отырғаны айқын көрінеді. Рухани дербессіздік сөзбе-сөз барлық салада үстемдік етеді: оның оқитын кітаптарында да, оны қоршаған адамдарда да, өзі мүше болып жүрген саяси партияларда да. Бұл жағдай оның санасына жан-жақты материалдық тәуелділіктің әсер етуімен одан әрі күрделене түседі; ақыр соңында адам дербес ойлау мүмкіндігіне деген сенімін жоғалтады, тіпті оның мәнін де көрмей қалады.

Қазіргі адамды шамадан тыс бос емес, шашыраңқы, ішкі тұтастығы бұзылған болмыс ретінде сипаттауға болады. «Адам» ұғымының мазмұны түгелге жуық жұтанғанып, оның мәні экономикалық категорияға (адам капиталы) немесе әлеуметтік функцияға (орындаушы қызметкер; бағалы кадр) дейін редуцияланып жатқан жағдайда философия адамға оның рухани қадір-қасиетін қайтара алатын ресурсқа айнала алады.

Өйткені философия пайда болған кезден бастап-ақ оның айрықша белгісі дербес ойлауға басымдық беру болды. Осы тұрғыдан алғанда философ тұлғасының өзі де назар аударарлық. Философ, абыздан айырмашылығы, әлдебір жоғары күш таңдаған айрықша бірегей жан емес, ол – біздің ішіміздегі қарапайым адамдардың бірі ғана; тек күнделікті өмір сабақтарын тереңірек түсініп, соларды есте қаларлық нақыл сөздермен тұжырымдай алатын адам. Мұндағы маңыздысы – бұған әркім үйрене алады, тек ниет болса болғаны. Яғни бұл жерде қандай да бір асаадамдық қасиеттің, құдай таңдағандықтың немесе ерекше миссияның болуы міндетті емес. Даналыққа жету жолында бәрі тек адамның өзіне байланысты: оның ниетіне, ыждаһатына және мақсаткерлігіне.

Қазіргі заманның басты мәселесі – түсінбеу мәселесі. Парадокстық жағдай қалыптасып отыр: бір жағынан, адамзат білімінің өсуі бұрын-соңды болмаған биіктерге жетті, екінші жағынан – біз осының бәрін не істеу керектігін, оны жалпы игілікке қалай жарату керектігін білмейміз. Мазмұн формадан тыс өмір сүре алмайды. Алайда бүгінгі таңда түрлі ғылымдардың орасан зор мазмұны оларды біртұтасқа біріктіре алатын аксиологиялық формадан тыс қызмет етуде. Дәл сондықтан ғылыми, мәдени және әлеуметтік үдерістердің құрылымсыздануы орын алып отыр.

Философия өзінің трансценденталдық өлшемінде әлеуметтік-мәдени қызметтің ортақ құндылықтық шеңберлерін айқындай алады, осылайша қоғамдық дамудың саяси бағыттан түбірімен өзгеше векторын қалыптастырады. Философия, соның ішінде, мәдени құндылықтарға жасалатын шекті рефлексия болғандықтан, ол мәдениетті тасымалдаушылардың өздері көбіне жасайтындай тек салдарлар деңгейінде ғана емес, себептер деңгейінде де көре алады. Ал себепті көру адамды айыптау не терістеу ұстанымынан босатады. Басқаша айтқанда, философия мәдениеттанулық тұрғыдан метаконтекстуалды. Дәл осы мағынада ол мәдениеттер коммуникациясының «үшінші» кеңістігін жасай алады, мұнда олардың айырмашылықтары бір-бірімен соншалықты үйлеспейтіндей болып көрінбейді.

Түптеп келгенде, әрбір мәдениет – баршаны толғандыратын өмір мәніне қатысты сұрақтарға жауап жасаудың ұжымдық тәсілі. Жауаптардың мазмұны әртүрлі болуы мүмкін. Негізгі қақтығыс себебіне айналатыны да – осы айырмашылық. Бірақ бұл айырмашылықтың өзі бір ғана сұраудан, бір ғана экзистенциалдық қажеттіліктен өсіп шығады. Яғни себеп біреу, ал салдар көп. Фокусты себепке аударып, оның бәріне ортақ табиғатын көре білу жеткілікті – сонда салдарлардың көптүрлілігінен туындайтын қақтығыстылық деңгейі едәуір төмендейді. Тек философия ғана онтология деңгейіне шыға алады: ол болмыстың жекелеген түрлерін ғана емес, бүкіл барды оның болмысында қарастырады. Мұндай қабілет жалған жолдардан сақтайтын тұтас көруді береді, болашаққа неғұрлым дәл болжам жасауға және бүгінгі күнге неғұрлым байыпты қарауға мүмкіндік туғызады. «Сонда философия қоғамдық сананың формасы да, ғылым да, пән де емес, адамның жеке ісі, бейболмыстан құтылудың ішкі тәжірибесі» [2, 128-б.].

Осылайша, Б.Е. Колумбаевтың тұлғасы мен шығармашылығы біздің назарымызды адамның табысты өзін-өзі тәрбиелеуінің және өзін-өзі жетілдіруінің шарттарын, құралдарын және тәсілдерін, оның әлеуметтік және мәдени өзіндік белсенділігін, оның еркін әрі шығармашылық өзін-өзі өзіктендіруін зерттеу мен айқындаудың тұрақты қажеттілігі мен сұранысына аударады. Ал Б.Е. Колумбаевтың шығармашылық мұрасын игеру бізге философиялаудың рухани-практикалық тәжірибесін терең сезінуге көмектесе алады. Бұл философиялау, Г.С. Батищевтің сөзімен айтқанда, «басқалар үшін философиялық мәтіндер өндіруге емес, философтың өз өмірінің ішінде және өзінің жан-дүниелік әрі рухани әлемінің аумағында атқаратын жұмысына» бағытталған [3, 149-б.].

### Әдебиеттер тізімі

1. Колумбаев Б.Е. Третий человек: (поиск, установление, преодоление человеческого в человеке). – Алма-Ата: Казахстан, 1992. – 272 б.
2. Колумбаев Б.Е. Философия – это то, что умнее человека // Избранные труды: В 2 т. Т.2. – Караганда: Изд-во КарГУ, 2011. – 187 б.
3. Батищев Г.С. Философия как работа человека над самим собой // Философское сознание: драматизм обновления / Отв. ред. Н.И. Лапин; Сост. Е.Н. Шульга. – М.: Политиздат, 1991. – 413 б.

УДК: 1/14

## ГУМАНИТАРНЫЕ КОНТУРЫ ОБРАЗОВАНИЯ

**Карипбаев Б.И.**

доктор философских наук, профессор-исследователь, Карагандинский национальный исследовательский университет имени академика Е.А.Букетова, Казахстан  
*e-mail: karipbaev@mail.ru*

Трудно, тяжело говорить о Бисембае Ергалиевиче в прошедшем времени, да наверное и не стоит. Ведь когда есть его книги, статьи, есть его ученики наверное он незримо присутствует с нами. Его мятежный дух не позволяет опускаться до уровня ремесленничества в философии, он заставляет обращаться к истокам, требует докопаться до сути вещей. Мировоззренческий горизонт Бисембая Ергалиевича широк: от точечных философско-антропологических изысканий до серьезных социально-философских обобщений.

В числе проблем, вызвавших особый интерес у Бисембая Ергалиевича, была проблема осмысления роли гуманитарного знания в современном мире. Его задевала до глубины души придворная позиция современной гуманитаристики. Чего греха таить в вечном споре борьбы физиков и лириков победили физики. В условиях торжества технократического мышления их победа была почти неизбежна. Да и позиция некоторых гуманитариев способствовала этой победе. Бисембай Ергалиевич с болью говорил об этом, вопрошал, думал, надеялся и мечтал о царственном положении гуманитаристики. Все этим мысли привели нас к тому, что исследуя эту проблему, я и мои коллеги запустили проект «Гуманитарные ракурсы высшего образования: перспективы реформирования»

Основная идея проекта определяется пониманием необходимости дальнейшего совершенствования системы высшего образования Казахстана посредством развития его гуманитарной составляющей, обогащения образовательного процесса гуманитарными смыслами и значениями. Эта идея сформировалась на основе анализа современной ситуации недостаточной вовлеченности молодежи в процессы реформирования казахстанского общества, низкого уровня ее конструктивной социальной активности, сохранения в ее мировоззренческих ориентирах социальной апатии, иждивенчества и инфантилизма. Реализация проекта должна помочь в решении данных проблем, определив как причины указанной ситуации, так и пути гуманитарного освоения мира молодыми людьми, обучающимися в ВУЗах Казахстана, что позволит сделать процесс социализации молодых людей более успешным, а высшее образование мировоззренчески более выразительным.

Современная система высшего образования в Казахстане, несмотря на все инновационные изменения, по-прежнему существует в режиме выполнения социального заказа, определяемого подготовкой и выпуском узкопрофильных специалистов для производственных и непроизводственных структур общества. Существование высшего образования в таких «заказных» координатах приводит, по нашему мнению, к формированию класса специалистов, которые, к сожалению, не приобретают в узко-дисциплинарных, профильных форматах способность к критическому, творческому мышлению, не имеют устойчивых навыков мировоззренческого осмысления действительности. Такое положение дел сказывается на процессах самоидентификации, социализации. Сегодняшнему обществу нужны не просто специалисты, знатоки своего дела, а личности, способные творить, рефлексировать, способные понимать и принимать мир во всем его разнообразии, а не только через призму своих профессиональных навыков и умений. Таким образом, мы получаем человека, лишённого способности быть ответственным членом общества, замыкающегося в сфере своего узкопрофессионального